

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 10 қарашадағы № 1061 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 желтоқсанда № 12452 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы " Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 41-31) тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4 Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 25 қараша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 10 қазандағы
№ 1061 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.07.2019 № 541 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 41-31) тармақшасына және (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағида сертификаттау және "Пайдаланушы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуді (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет), сондай-ақ жолаушылардың, багаждың, жүктің және почта жөнелтілімдерінің коммерциялық тасымалдарын (әуе тасымалдарын) жүзеге асыратын авиакомпаниялардың азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын (бұдан әрі - пайдаланушы сертификаты) тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) атқарады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы куәлігін беру үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығында белгіленген тәртіппен төлем алынады (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32120 болып тіркелді).

"Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері) төлемақы мөлшерлемесі айқындалады.

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Халықаралық коммерциялық тасымалдау құқығын беретін пайдаланушы сертификатын алғаш рет алған авиакомпания Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (бұдан әрі – ИКАО) тіркеледі.

Тіркеу мүшелік жарнаны төлей отырып, өтініш берушінің (пайдаланушының) ИКАО-ға жіберген сұрау салуы арқылы жүзеге асырылады. Одан кейін уәкілетті ұйым ИКАО интернет-ресурсында өтініш берушінің пайдаланушы сертификатын нақты алғанын растайды. Расталғаннан кейін ИКАО үш әріптік кодты және пайдаланушының шақыру атауын тіркейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, көрсету нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жазылған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Сертификаттау мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) өтінімді беру алдындағы кезең;
- 2) өтініш берушінің уәкілетті ұйымға құжаттармен бірге өтінім беруі;
- 3) құжаттаманы бағалау және шешім қабылдау;
- 4) уәкілетті ұйымға өтініш берушіге сертификаттық тексеру жүргізуі;
- 5) шешім қабылдау және пайдаланушы сертификатын беру (беруден бас тарту).

7. Сертификаттау мен пайдаланушы сертификатын берудің жалпы мерзімі – өтінім берілген сәттен бастап алпыс төрт жұмыс күні.

Бұл мерзім өтініш берушіге 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде хабарлай отырып, осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес белгіленетін 2-деңгейді анықталған сәйкессіздіктерін жою үшін қажетті мерзімге ұзартылады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді уәкілетті ұйым өтініш беруші оны өзгерту қажеттілігі туралы негіздеме ұсынған жағдайда үш айдан аспайтын мерзімге бір реттен артық емес мерзімге ұзартады, бұл туралы өтініш берушіге 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

Өзгерістер енгізу мерзімдері:

1) пайдаланушының атауы, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекенжайы өзгерген кезде сертификатқа және/немесе онымен байланысты пайдалану ерекшеліктеріне – 10 жұмыс күнін;

2) пайдаланылатын бір типтегі әуе кемесін (лерін) пайдаланушының сертификатын пайдалану ерекшеліктеріне енгізген кезде – 20 жұмыс күнін;

3) бұрын пайдаланылмаған басқа типтегі әуе кемесін (лерін) пайдаланушының сертификатын пайдалану ерекшеліктеріне енгізген кезде – 30 жұмыс күнін;

4) ұшудың басқа түрлерін пайдаланушы сертификатын пайдалану ерекшеліктеріне енгізген кезде, оның ішінде арнайы бекітулер – 30 жұмыс күнін;

5) әуе кемелерін пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктерінен алып тастаған кезде – 3 жұмыс күнін құрайды.

Пайдаланушы сертификатын уәкілетті ұйымның мөрімен расталған көшірмесін беру – 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты - уәкілетті ұйым берген сертификаттау талаптарына және осы Қағидаларға сәйкестігін куәландыратын құжат;

2) өтінім – өтініш берушінің азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификатын алу үшін уәкілетті ұйымға жүгінуі (бұдан әрі - өтінім);

3) өтініш беруші – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын алу үшін уәкілетті ұйымға жүгінген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

3-1) сәйкестік туралы декларация – ұсынылатын қызмет түрлеріне қолданылатын сертификаттау талаптарын қолдауға және сақтауға міндеті, сәйкестік жөніндегі барлық нормалары мен қағидалардың толық тізбесін қамтитын пайдаланушының құжаты. Әрбір сертификаттау талабына нұсқаулыққа немесе басқа құжатқа қысқаша сипаттама немесе сілтеме берілуі қажет. Сипаттама немесе сілтеме сәйкестікті бағалау әдісін сипаттайды;

4) сертификаттық талаптар – "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 153 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11459 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) әуе тасымалдарын, авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын азаматтық әуе кемелерінің пайдаланушыларына қойылатын талаптар;

5) алып тасталды - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) іс-шаралар жоспары – сертификаттауға дейін тексеру үшін уәкілетті ұйымға ұсынылуға тиіс іс-шаралар, қызмет түрлері, бағдарламалар, ӘК сатып алу және өндіріс құралдары тізбеленген пайдаланушының негізгі құжаты.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Сертификаттауды жүргізу тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Өтінімді беру алдындағы кезең

9. Өтінімді алғашқы рет беру алдындағы кезең өтініш берушінің уәкілетті ұйымға пайдаланушының сертификатын алу ниеті туралы алдын ала жүгінуін көздейді, онда оған ұшулардың рұқсат етілген түріне, өтініш беруші ұсынатын мәліметтерге және өтінішті, сертификаттау мерзімін қарау кезінде қолданылатын рәсімдерге қатысты, ресми өтініш берген кезде ұсынылатын құжаттардың нысаны мен мазмұны туралы толыққанды ақпарат беріледі.

Өз кезегінде, өтініш беруші алдын ала бағалау үшін пайдалануға жоспарланатын әуе кемелерінің түріне, оның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаржы-экономикалық жағдайына, құқықтық жағдайы және қызмет түрлері және ұсынылатын тасымалдауларға сәйкес келетін маршруттардың құрылымына, ұшу географиясы мен аудандарын және ұсынылатын тасымалдар үшін жарамды әуе кемелерінің уақытша орналасу орындарын, тасымалдаулардың жоспарланатын рентабельдігіне, білікті персоналдың бар болуына, қажеттіліктерге немесе сұранысқа ие және қоғам мүдделеріне жауап беретін қызмет көрсетудің деңгейіне қатысты ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Бастапқы сертификаттау кезінде өтініш беруші жоспарланып отырған қызметті жүзеге асыру және ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін авиация персоналын кәсіптік даярлауға, әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қолдауға, жабдықтарды, құралдарды сатып алуға, еңбекке ақы төлеу қорына және өзге де шығыстарға қаржы ресурстарын бөлуді қамтитын қызметтің кеңейтілген қаржы-экономикалық жоспарын ұсынады. Қызметтің қаржы-экономикалық жоспарын пайдаланушы сертификатын алуға үміткер заңды тұлғаның меншік иесі (қатысушылары, акционерлері) бекітеді. Жеткілікті қаржы ресурстарының болуы өтініш берушінің банктік шотынан соңғы үш айдағы тиісті үзінді көшірмемен расталады.

Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Уәкілетті ұйым жүгінген күннен бастап он жұмыс күні мерзімінде өтініш берушіге ИКАО құжаттарының және осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып дайындалған алдын ала бағалау нәтижелері бойынша оң немесе теріс қорытынды туралы хабарлайды. Оң қорытынды пайдаланушыны ресми өтінім беруге дайындауды бастау үшін негіз болып табылады. Қорытынды теріс болған жағдайда және кемшіліктерді жою мүмкін болған жағдайда, өтініш берушіге кемшіліктерді жойғаннан кейін қайта өтініш беруге мүмкіндік беріледі. Қайтадан жүгінген жағдайда уәкілетті ұйым өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге оң немесе теріс қорытынды туралы хабарлайды (байланыс құралдарын пайдалана отырып).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өтінімді және құжаттарды беру

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтінім беруші уәкілетті ұйымға "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуларды орындау басталатын жоспарланған күнге дейін 64 (алпыс төрт) жұмыс күні мерзімінде өтінім жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Өтінімге осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген "Пайдаланушы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді және өтініш берушіге "жеке кабинетке" мемлекеттік қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері портал арқылы жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым екі жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым өтінім мен құжаттарды қабылдайды.

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, шу бойынша әуе кемесі туралы мәліметтерді, радиохабар беру аппаратурасын пайдалануға рұқсатты уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Кезекті пайдаланушы сертификатын алу үшін өтініш беруші Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге өтінім береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Құжаттаманы бағалау және шешім қабылдау

14. Порталға жүгінген кезде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жолданады.

Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттарды қарайды, сондай-ақ ұсынылған құжаттарды нұсқаулық материалды пайдалана отырып бағалайды, олар бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Пайдаланушы сертификатын алуға арналған өтінім бойынша шешім" нысан бойынша тиісті шешім қабылдайды.

Құжаттарды бағалау кезеңінде құжаттарды қараудың ең ұзақ мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды. Өтінім мен қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіге анықталған сәйкессіздіктерді жою мүмкіндігі беріледі, бұл ретте жою мерзімі он жұмыс күніне белгіленеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қағидалардың 14-тармағымен белгіленген мерзімде өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жоймаған жағдайда, өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіліп, өтінімді қараудан бас тарту туралы шешім жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Өтінім мен құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге сертификаттық тексеру кезеңіне көшу туралы шешім жібереді және оны өткізу үшін 4 (төрт) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымның авиация инспекторлары қатарынан Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, кемінде 3 (үш) адам.

Комиссия төрағасы комиссияның мүшесі болып табылатын уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлары қатарынан тағайындалады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Сертификаттық тексеруді өткізу

17. Комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге сертификаттық тексеруді авиация инспекторлары үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқамалық материалды пайдалана отырып, пайдаланушының белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігіне, оның ішінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның қаржы-экономикалық жағдайына жүзеге асырады.

18. Сертификаттық тексеру мыналарды қамтиды: база және филиалдар, өкілдіктер объектілерін, ұшуды басқару жүйесі мен бақылау құралдарын, сондай-ақ дайындық және оқу құралдары бағдарламаларын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді бақылау және жоспарлау жүйелерін тексеру және оқу бағдарламаларын орындау, техникалық қызмет көрсету, ұшу өндірісі және құжаттаманы жүргізу рәсімдерін талдау. Тексеру сонымен қатар ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің құрылымын, процестерін, қызмет түрлерін және интерфейстерін енгізуді бағалауы керек.

Бұл ретте ғимараттар мен құрылыстардың тиісінше жабдықталғаны және олардың тікелей мақсаты бойынша пайдаланылуы тексеріліп, расталады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Пайдаланушы сертификатын алғаш алған кезде, сондай-ақ осы Қағидалардың 41 -тармағында көзделген жағдайларда өтініш берушіні сертификаттық тексеру қосымша өтініш берушінің ұшуларға басшылық ету жүйесін көрсетуін, суға мәжбүрлі қонуды көрсетуге еліктеуді, авариялық эвакуацияны көрсетуді, мәлімделген арнайы бекітулерге көрсету мақсатындағы ұшуларды қоса алғанда көрсету мақсатындағы ұшуларды орындауды қамтиды.

Өтініш беруші төрт көрсету мақсатындағы ұшуларды орындайды. Пайдаланушы жауапты авиация инспекторларының бақылауымен "С" немесе "D" деңгейінен төмен емес ұшу тренажерларында әуе кемелерін қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін көрсеткен жағдайда, көрсету мақсатындағы ұшулардың бұл саны екі ұшуға дейін қысқартылуы мүмкін.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша өтініш беруші объектілерінің нақты жай-күйін, пайдаланушының сертификатын беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыларды көрсете отырып, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі – Акт) жасалады.

Актінің жобасы комиссия мүшелеріне талқылауға ұсынылады.

Мазмұнымен келіскен кезде актіге комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Келіспеушіліктер туындаған жағдайда комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда шешім қабылданады. Актінің мазмұнымен келіспеген комиссия мүшесі жазбаша түрде ерекше пікір білдіреді.

Ерекше пікірде келіспеушіліктің нақты себептері және олардың негіздемесі, сондай-ақ ұсынылған тұжырымдар көрсетіледі. Комиссия мүшелері ерекше пікірді міндетті түрде хаттаманы ресімдей отырып қарайды.

Егер қарау нәтижесінде актіде ерекше пікір ескерілмесе, оны ұсынған комиссия мүшесі "Ерекше пікірмен" деген белгісі бар актіге қол қояды.

Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қойған акт пайдаланушыға танысу үшін ұсынылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Сертификаттық тексеру кезінде анықталған сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер үш деңгейге бөлінеді:

1-деңгей, 2-деңгей және 3-деңгей.

1-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер жатады.

2-деңгейге қызметті уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімде оны жою немесе шектеулер енгізу шартымен оны жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер жатады.

3-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде оны жоюға жататын сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер жатады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өтініш берушінің адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетсіздігімен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген кезде уәкілетті ұйым пайдаланушы сертификатын беруден бас тартады не Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен пайдаланушы сертификатының қолданылуын өтінім беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін шектейді.

2-деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген кезде уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзімді келіседі. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелерімен танысқан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға ұсынады;

2) анықталған сәйкессіздікті жою бойынша өтініш беруші ұсынған шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі не оны негіздемемен пысықтауға қайтарады.

Уәкілетті ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді өтініш беруші оны өзгерту қажеттігі туралы негіздеме ұсынған жағдайда бір реттен аса емес үш айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

3-деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

Пайдаланушы сертификатын алғаш рет беру кезінде, сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктер сертификат берілгенге дейін жойылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Уәкілетті ұйым пайдаланушының жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін бақылау мен талдауды қамтитын тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу арқылы жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдары жоспарын ұсынуын және (немесе) түзету іс-қимылдарының орындалуын бақылайды.

Ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау және талдау, сондай-ақ авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау мақсатында Заң талаптарына сәйкес уәкілетті ұйымның жеке және заңды тұлғалары ұсынған ақпарат, құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады.

Егер өтініш беруші түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаса немесе түзету іс-қимылдарын уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімде орындамаса, 2-деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі 1-деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкес келмейді және уәкілетті ұйым пайдаланушы сертификатын беруден бас тартады немесе бұрын берілген пайдаланушы сертификатын кері қайтарып алады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Шешім қабылдау және пайдаланушы сертификатын беру (беруден бас тарту)

23. Пайдаланушы сертификатын беру үшін пайдаланушы сертификатын беру туралы қорытындысы бар сертификаттық зерттеп-қарау актісі негіз болып табылады.

Уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдаланушы сертификатын ресімдеуді және беруді жүргізеді немесе теріс шешім қабылданған жағдайда өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2022 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-1. Пайдаланушы сертификаты қолданылу саласы мен мерзімі көрсетіліп, екі жыл мерзімге беріледі және басқа тұлғаға беруге жатпайды.

Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Уәкілетті ұйымның басшысының немесе оны алмастырушы тұлғаның қолымен және мөрімен расталған пайдаланушы сертификатының көшірмесі және онымен байланысты пайдалану ерекшеліктерінің көшірмелері әуе кемесінің бортында болады.

25. Пайдаланушының сертификатын беруден бас тарту үшін Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда пайдаланушының сертификатын беруден бас тарту туралы қорытындысы бар сертификаттық зерттеп-қарау тексеру актісі негіз болып табылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Уәкілетті ұйым пайдаланушы сертификатын беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап, мерзімі үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді.

26-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы

деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті

органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізген;

2) қосымша ақпарат алған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2022 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Пайдаланушы сертификатын тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібі

28. Уәкілетті ұйым:

1) пайдаланушы сертификаттық талаптар мен шектеулерді сақтамаған;

2) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыру қамтамасыз етілмеген;

3) инспекциялық тексеру кезінде, оның ішінде шетел мемлекеттерде, Заңның 16-3 бабына сәйкес белгіленген бірінші деңгейдегі немесе ұшулардың қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтар анықталған;

4) пайдаланушы жазбаша өтініш берген жағдайда, пайдаланушы сертификатының қолданылуын толық немесе ішінара шектейді, тоқтата тұрады.

28-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мынадай:

1) ұсынылған құжаттарды бұрмалау арқылы пайдаланушы сертификатын алған, пайдаланушының сертификаттау талаптарына сәйкестігін қолдаған;

2) пайдаланушы сертификатын заңсыз әрекеттер жасаған немесе заңсыз пайдаланған;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің шегінен тыс жерде орындалған тұрақты емес халықаралық ұшудың күні мен мақсаты туралы хабарламаған не хабарламада анық емес ақпарат ұсынған;

4) Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің шегінен тыс тұрақты емес ұшуларды орындайтын азаматтық әуе кемесін пайдаланушының бас офисі Қазақстан

Республикасының аумағында орналаспаған және ұйымның қызметі мен операцияларын бағыттауға, бақылауға және үйлестіруге әсер ететін операциялық-қаржылық шешімдер құзыретті мемлекеттік органдардың тексеруі үшін қолжетімсіз болған;

5) шет мемлекеттердің әскери құрылымдарын, қару-жарақ пен әскери техникасын, сондай-ақ қосарланған мақсаттағы өнімдерді тасымалдау үшін азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісуінсіз халықаралық ұшыды орындаған жағдайларда;

6) өтініш берушіге қызметтің осы түрін көрсетуге тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі;

7) пайдаланушының жазбаша өтініші негізінде пайдаланушының сертификатын кері қайтарып алады.

Ескерту. Қағида 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.03.2023 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Заңның талаптарын бұзу дәрежесіне қарай, тұрақты қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар бірінші және екінші деңгейдегі бұзушылықтар болып бөлінеді.

Заң талаптарын ұшу қауіпсіздігіне және авиациялық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіретіндей елеулі бұзушылықтар бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға жатады.

Бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға кірмейтін, Заң талаптарының барлық бұзушылығы екінші деңгейдегі бұзушылықтарға жатады.

Бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға кірмейтін, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзудың барлығы екінші деңгейдегі бұзушылықтарға жатады.

30. Пайдаланушы коммерциялық әуе тасымалдарын алты айдан астам мерзімге тоқтатқан жағдайда, уәкілетті ұйым пайдаланушы сертификатын қайтарып алады.

Уәкілетті ұйым көрсетілген мерзім басталғанға дейін отыз жұмыс күні бұрын пайдаланушыға сертификатты кері қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабарлайды.

31. Осы Қағидалардың 28-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, уәкілетті ұйым пайдаланушының анықталған бұзушылықтарды жою сәтіне дейін тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұрады.

Инспекторлық ұйғарым берілген немесе тексеру нәтижелері туралы актімен танысқан күннен бастап он жұмыс күні мерзімде пайдаланушы уәкілетті ұйымға бұзушылықтарды жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын және бұзушылықтар жойылғаннан кейін жоспармен белгіленген мерзімдерде растайтын құжаттаманы қоса бере отырып, түзету іс-қимылдарының орындалуы туралы анықтаманы ұсынады.

Егер пайдаланушы жоспарда белгіленген мерзімдерде пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұруға әкелген анықталған бұзушылықтарды жоймаса, уәкілетті ұйым пайдаланушы сертификатын қайтарып алады. Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтату осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген барлық жағдайларда, алты айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады, одан кейін уәкілетті ұйым пайдаланушының сертификатын кері қайтарып алады.

32. Пайдаланушы сертификатының қолданылуы тоқтатылған жағдайда уәкілетті ұйым пайдаланушы түзету әрекеттері жоспарының жоспарда белгіленген мерзімдерде орындалғаны туралы анықтаманы растайтын құжаттамамен бірге бергеннен және пайдаланушыны уәкілетті ұйым тексергеннен кейін оны қайта жаңартуды жүзеге асырады.

33. Уәкілетті ұйымға пайдаланушы сертификатының қолданылуын қайта қалпына келтіру немесе қайта қалпына келтіруден бас тарту туралы шешімді тексеру аяқталған сәттен бастап, үш жұмыс күні мерзімде пайдаланушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

34. Пайдаланушы сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе ол қайтарып алынған жағдайда, уәкілетті ұйым қабылданған шешім туралы пайдаланушыға және әуе қозғалысына қызмет көрсету органына дереу хабарлайды.

35. Пайдаланушы сертификаты тоқтатылған немесе қайтарып алынған жағдайда, пайдаланушы сертификаттың түпнұсқасын уәкілетті ұйымға дереу қайтарады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 29.12.2025 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Уәкілетті ұйым қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап он жұмыс күні мерзімде бұл туралы ИКАО-ға хабарлайды (халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыратын пайдаланушы үшін).

4-тарау. Қорытынды ережелер

37. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер мен толықтырулар:

- 1) пайдаланушының өтінімі бойынша;
- 2) пайдаланушыға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті ұйымның шешімі бойынша енгізіледі.

38. Пайдаланушы атауының, оның мәртебесінің, ведомстволық тиесілігінің өзгеруі (егер олар сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктерге әкеп соқтырмайтын болса), әуе кемелерін пайдалануды тоқтатқан жағдайда, сондай-ақ пайдаланушы пайдаланғанмен бір типтегі әуе кемелерін меншікке, экипажсыз жалға алған жағдайда, пайдаланушы сертификатына тиісті өзгерістер енгізіледі.

39. Осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген жағдайларда пайдаланушы уәкілетті ұйымға Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдаланушы сертификатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өтінімді жібереді.

40. Өтінімді алған сәттен бастап уәкілетті ұйым жиырма жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарастырады және пайдаланушының сертификатына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

41. Пайдаланушы бұрын өзі пайдаланбаған басқа типтегі әуе кемелерін меншікке, экипажсыз жалға алған жағдайда, уәкілетті ұйым өтінімді алған сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

